



HMT75M624 HMT75M654 HMT75M664
Микротолқынды пеш
Микроволновая печь



BOSCH

[kk] Пайдалану нұсқаулығы2

[ru] Правила пользования 15

Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды нұсқаулар	2	Сервистік қызмет	9
Зақымдардың себептері.....	4	Өнім нөмірі және зауыттық нөмір	9
Орнату және қосу	4	Техникалық деректер	9
Басқару тақтасы	5	Экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялау	9
Айналмалы ауыстырып-қосқыш.....	5	Автоматты бағдарлама	10
Құралдар.....	5	Бағдарламаны орнату	10
Бірінші рет пайдалану алдында	6	Автоматты бағдарлама көмегімен еріту	10
Сағатты орнату	6	Автоматты бағдарлама көмегімен дайын күйге жеткізу	10
Микро толқынды пеш	6	Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік	11
Ыдыс туралы нұсқаулар	6	Кестелер туралы нұсқаулар	11
Микро толқындардың қуаты.....	6	Еріту	11
Микро толқындарды реттеу.....	6	Терең қатырылған тамақтарды еріту, қыздыру немесе дайын күйге келтіру	12
Салқындату желдеткіші	7	Тамақты қыздыру	12
Жад	7	Тамақты дайын күйге жеткізу	13
Жадта сақтау	7	Микро толқынды пешті пайдалану туралы кеңестер.....	13
Жад құрылғысын қосу	7	Тамақтар EN 60705 стандартына сай тексерілген	14
Дыбыстық сигнал ұзақтығын өзгерту	7	Микро толқынды пеш көмегімен дайын күйге жеткізу және еріту.....	14
Күту және тазалау	8		
Жұғыш заттар	8		
Ақаулықтар кестесі	8		

Өнім, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер және қызметтер туралы қосымша ақпаратты www.bosch-home.com сайтында және www.bosch-eshop.com интернет-дүкенінде табуға болады

⚠ Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды нұсқаулар

Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Тек содан кейін құрылғыны қауіпсіз және дұрыс пайдалана аласыз. Пайдалану және монтаждау нұсқаулықтарын келесі иесі үшін сақтаңыз.

Бұл құрылғы тек ішіне ендіруге арналған. Монтаждау туралы арнайы нұсқауларды орындаңыз.

Орамадан шығарғаннан кейін құрылғыны тексеріңіз. Тасымалдау кезінде алынған зақымдар бар болса, құрылғыны қоспаңыз.

Құрылғыны желілік ашасыз тек білікті маман қоса алады. Дұрыс емес қосу тудырған зақымдар кепілдікке кірмейді.

Бұл құрылғы үйде және үй жағдайларында пайдалануға арналған. Құрылғыны тек тамақты және сусындарды әзірлеу үшін пайдаланыңыз. Пайдалану кезінде құрылғыны бақылап тұру керек. Құрылғыны тек жабық бөлмелерде пайдаланыңыз.

Бұл құрылғыны 8 жастағы балалар және дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдар я болмаса тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдар құрылғыны пайдалану кезінде олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның бақылауында болса

немесе бұл адамдар оқытылған және мұның қауіпті екенін түсінсе пайдалана алады.

Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді балалар орындамауы керек, 8-ге толса және одан үлкен болса, балалар бақылау астында болуы керек.

8 жастан кіші балалар құрылғыдан және кабельден қауіпсіздік қашықтықта болуы керек.

Құралдарды жұмыс камерасына әрқашан дұрыс орнатыңыз. Пайдалану нұсқаулығында құралдардың сипаттамасын қараңыз.

Өрт қаупі бар!

- Жұмыс камерасына орналастырылған тұтанғыш заттар тұтануы мүмкін. Ешқашан жұмыс камерасында тұтанғыш заттарды сақтамаңыз. Ішінде түтін пайда болса, ешқашан есікті ашпаңыз. Құрылғыны өшіріңіз, ашаны розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз.
- Құрылғыны дұрыс емес пайдалану қауіпті және зақымдарға әкелуі мүмкін.

Өнімдерді немесе киімді құрғатуға, шәркені, дәндер салынған жастықтарды, губкаларды, ылғалды шүберектерді және т.б. қыздыруға болмайды.

Мысалы, қыздырылған шәрке, дәндер немесе мамық салынған жастық тіпті бірнеше сағаттан кейін де тұтануы мүмкін. Құрылғыны тек тамақты және сусындарды өзірлеу үшін пайдаланыңыз.

- Өнімдер тұтануы мүмкін. Ешқашан жылуды сақтау үшін өнімдерді орамаларда қыздырмаңыз. Пластиктен, қағаздан немесе басқа тұтанғыш материалдардан жасалған ыдыстардағы өнімдерді ешқашан қараусыз қыздырмаңыз. Ешқашан тым жоғары қуатты немесе ұзақ уақытты орнатпаңыз. Осы нұсқаулықтағы ақпаратқа сүйеніңіз. Микро толқынды пеште өнімдерді ешқашан құрғатпаңыз. Құрамында ылғал аз өнімдерді тым жоғары қуатпен немесе тым ұзақ уақыт бойы ешқашан ерітпеңіз және қыздырмаңыз.
- Өсімдік майы тұтануы мүмкін. Ешқашан тамақ майын микро толқынды пеш көмегімен қыздырмаңыз.

Жарылу қаупі бар!

Ауа өткізбейтін ыдыстардағы сұйықтықтар және басқа тамақтану өнімдері жарылуы мүмкін. Ауа өткізбейтін ыдыстардағы сұйықтықтарды және басқа тамақтану өнімдерін ешқашан қыздырмаңыз.

Денсаулыққа қатты зиян тию қаупі бар!

- Дұрыстап тазаламаса, құрылғының беті зақымдалуы мүмкін. Бұл микро толқынды энергияның ағуына әкелуі мүмкін. Құрылғыны жүйелі түрде тазалаңыз және тамақ қалдықтарын бірден кетіріңіз. Жұмыс камерасын, есік тығыздағышын және есік шектегішін таза ұстаңыз; сондай-ақ, Күту және тазалау тарауын қараңыз.
- Жұмыс камерасының зақымдалған есігі немесе есік тығыздағышы арқылы микро толқындар шығуы мүмкін. Жұмыс камерасы немесе есік тығыздағышы зақымдалған болса, құрылғыны ешқашан пайдаланбаңыз. Сервистік қызметке қоңырау шалыңыз.
- Корпустың қорғағыш жабыны жоқ құрылғылардан микро толқындардың энергиясы сыртқа шығуы мүмкін. Корпустың қорғағыш жабынын ешқашан алмаңыз. Жөндеу және техникалық жұмыс қызметін шақырыңыз.

Ток соғу қаупі бар!

- Білікті емес маманның жөндеуі қауіпті. Жөндеуді және зақымдалған қосу сымдарын ауыстыруды тек біздің клиенттерге қызмет көрсететін тәжірибелі техниктердің біреуі ғана орындай алады. Құрылғы ақаулы болса, ашаны розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз. Сервистік қызметке қоңырау шалыңыз.
- Құрылғының ыстық беттерінде кабель изоляциясы еріп кетуі мүмкін. Ешқашан қосқыш кабельдің ыстық құрылғыға тиюіне жол бермеңіз.
- Енетін ылғал ток соғуына әкелуі мүмкін. Қысымы жоғары тазалағыштарды пайдаланбаңыз.
- Енетін ылғал ток соғуына әкелуі мүмкін. Ешқашан құрылғыға жоғары температуралардың және ылғалдың әсер етуіне жол бермеңіз. Құрылғыны тек жабық бөлмелерде пайдаланыңыз.
- Ақаулы құрылғы ток соғуына әкелуі мүмкін. Ақаулы құрылғыны ешқашан қоспаңыз. Ашаны розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз. Сервистік қызметке қоңырау шалыңыз.
- Құрылғы жоғары кернеумен жұмыс істейді. Ешқашан корпусты алмаңыз.

Күйік алу қаупі бар!

- Құрылғы қатты қызады. Ешқашан жұмыс камерасының ішкі панельдеріне немесе қыздыру элементтеріне тимеңіз. Әрқашан құрылғының салқындауына мүмкіндік беріңіз. Балаларды аулақ ұстаңыз.
- Құралдар мен ыдыстар қызады. Жұмыс камерасынан ыдысты және құралдарды әрқашан ұстағыш көмегімен шығарыңыз.
- Спирт булары ыстық духовкада тұтануы мүмкін. Құрамында спирт жоғары сусындар бар тамақтарды ешқашан өзірлемеңіз. Құрамында спирт жоғары сусындардың тек азғантай мөлшерін пайдаланыңыз. Құрылғы есігін жайлап ашыңыз.
- Қабығы қалың өнімдер қыздыру кезінде, одан кейін де жарылуы мүмкін. Ешқашан жұмыртқаны қабығымен өзірлемеңіз немесе қайнатып өзірленген жұмыртқаны қыздырмаңыз. Ұлуларды және шаян тәрізділерді өзірлемеңіз. Қуырған жұмыртқаны немесе стакандағы жұмыртқаларды өзірлеу алдында сары уызды тесіңіз. Алмалар, қызанақтар, картоп немесе сосискалар сияқты қабығы

қатты өнімдерде қабық жарылуы мүмкін. Қыздырмай тұрып қабықты тесіңіз.

- Балалар тамағындағы жылу біркелкі таралмайды. Балалар тамағын ешқашан жабық ыдыста қыздырмаңыз. Әрқашан қақпақты ашыңыз немесе емізікті алыңыз. Қыздырудан кейін араластырыңыз немесе шайқаңыз. Балаға тамақ бермей тұрып температураны тексеріңіз.
- Қыздырылған өнімдер жылуды бөледі. Тамақтар ыстық болуы мүмкін. Жұмыс камерасынан ыдысты және құралдарды әрқашан кәстрөл ұстағышының көмегімен шығарыңыз.
- Өнімдердің ауа өткізбейтін орамасы жарылуы мүмкін. Әрқашан орамадағы ақпаратқа назар аударыңыз. Жұмыс камерасынан тамақтарды әрқашан кәстрөл ұстағышының көмегімен шығарыңыз.

Күйік алу қаупі бар!

- Құрылғы есігін ашқанда ыстық бу шығуы мүмкін. Құрылғы есігін жайлап ашыңыз. Балаларды аулақ ұстаңыз.
- Ыстық жұмыс камерасында судан бу пайда болуы мүмкін. Ыстық жұмыс камерасына су құймаңыз.
- Сұйықтықтарды қыздыру қайнауға әкелуі мүмкін. Яғни, қыздыру температурасы әдеттегі көпіршіктердің көбеюінсіз және бусыз қол жетеді. Тіпті ыдыс вибрациясы төмен болса да, ыстық сұйықтық кенет қайнап, шашырауы мүмкін. Қыздырғанда әрқашан ыдысқа қасықты салу керек. Бұл сұйықтықтың қызып кетуін болдырмауға мүмкіндік береді.

Жарақат алу қаупі бар!

- Құрылғы есігінің сызат түскен шынысы сынуы мүмкін. Шыныға арналған

қырғышты, күшті немесе абразивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

- Жарамсыз ыдыс жарылуы мүмкін. Фарфор мен керамикадан жасалған ыдыстың тұтқаларында және қақпағында майда тесіктер болуы мүмкін. Бұл тесіктердің артында қуыс болады. Қуысқа ылғал кіргенде ыдыс жарылуы мүмкін. Тек микро толқынды пешке арналған ыдысты пайдаланыңыз.

Зақымдардың себептері

Назар аударыңыз!

- Өте ласталған тығыздағыш: Егер тығыздағыш өте ласталған болса, құрылғының есігі дұрыстап жабылмайды. Іргелес жиһаз беттері зақымдалуы мүмкін. Тығыздағышты әрқашан таза ұстаңыз.
- Микро толқынды пештің тамақсыз жұмыс істеуі: Құрылғыны жұмыс камерасында тамақ жоқ күйде пайдалану тым көп жүктеме түсуіне әкелуі мүмкін. Құрылғыны ешқашан тамақсыз қоспаңыз. Ерекшелік ыдысты қысқа уақыт бойы сынау болуы мүмкін, «Микротолқынды пеш, ыдыс» тарауын қараңыз.
- Микро толқынды пеш көмегімен попкорн жасау: Ешқашан тым жоғары микро толқындар қуатын орнатпаңыз. Ең көбі 600 Ватт қуатын пайдаланыңыз. Попкорн салынған пакетті әрқашан шыны тәрелкеге салыңыз. Шыны тым көп жүктемеден сынуы мүмкін.
- Қайнап шыққан сұйықтық айналмалы подностың жетегі арқылы құрылғының ішіне кірмеуі керек. Тамақтың өзірленуін бақылаңыз. Алдымен тамақты өзірлеу үшін қысқарақ уақыт кезеңін қолданыңыз және қажет болса, оны ұзартыңыз.
- Микро толқынды пешті ешқашан айналмалы подносыз пайдаланбаңыз.
- Ұшқын: Металл, мыс.: шыныдағы қасық, пеш ошағынан және есіктің ішкі жағынан кем дегенде 2 см. алшақ тұруы тиіс. Ұшқын есік әйнегін зақымдауы мүмкін.
- Алюминий табақ: Аспапта алюминий табақтарын пайдаланбаңыз. Аспап пайда болатын ұшқындар арқылы зақымдалады.
- Құрылғыны есігін аша отырып, суыту.: Пеш ошағын жабық күйде суыту. Құрылғы есігіне ешнәрсе қысылып қалмауы тиіс. Егер есік толық жабылмай, қиялап ашылып қалса, жақын тұрған жиһазды зақымдайды.
- Пісіру камерасында конденсациялық су: Есіктің терезесінде, ішкі қабатта және түбінде конденсациялық су болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, бұдан қысқа толқындар қызметі зиян шекпейді. Тот басудың алдын алу үшін конденсацияланған суды әрдайым әр пісіруден соң сұртіп тастаңыз.

Орнату және қосу

Бұл құрылғы үйде пайдалануға арналған.

Бұл құрылғы тек ішіне ендіруге арналған.

Монтаждау туралы арнайы нұсқауларға назар аударыңыз.

Құрылғыны өні 60 см аспалы шкафқа (төрендігі ең азы 30 см және еденнен биіктігі 85 см) кірістіруге болады.


Құрылғы қосуға дайын және оны тек дұрыс орнатылған, жерге қосылған розеткаға қосу керек. Сақтандырғышпен қорғау 10 амперден (L- немесе В-автомат) төмен болмауы керек. Желі кернеуі үлгілік тақтайшада көрсетілген.

Розетканы орнатуды немесе қуат кабелін ауыстыруды тек білікті elektrik орындауы керек. Желілік розетка монтаждаудан кейін қол жетімді болмаса, түйіспелерінің арасындағы қашықтық 3 мм кем болмауы керек көп полюстық сөндіргішті орнату керек.

Көп түйіспелі штепсельді, ұзартқыштарды және ұзартқыш кабельдерді пайдалануға болмайды. Тым көп жүктеме өртке әкелуі мүмкін.

Басқару тақтасы

Мұнда басқару тақтасына шолу берілген. Құрылғының түріне байланысты аздаған ерекшеліктер болуы мүмкін.



1	Уақыт пен уақыт кезеңінің индикаторы
2	Бұрма ауыстырып-қосқыш сағатты және бағдарлама ұзақтығын орнатуға немесе автоматты бағдарламаларды орнатуға арналған
3	Түймелер
4	Есікті ашу түймешігі

Түймелер	Пайдалану
«Бастау»	Оның көмегімен пайдалануды бастайсыз
🕒	Оның көмегімен уақытты орнатасыз
«Тоқтату»	Оның көмегімен пайдалануды тоқтатасыз
90	Микро толқындардың қуатын таңдау 90 Ватт
180	Микро толқындардың қуатын таңдау 180 Ватт
360	Микро толқындардың қуатын таңдау 360 Ватт
600	Микро толқындардың қуатын таңдау 600 Ватт
800	Микро толқындардың қуатын таңдау 800 Ватт
P	Автоматты бағдарламаны таңдау
kg	Килограмм мәнін бағдарламаларды орнату кезінде таңдау
M	Жадты таңдау

Айналмалы ауыстырып-қосқыш

Айналмалы ауыстырып-қосқыш көмегімен барлық әдепкі мәндерді және реттеулерді өзгертуге болады.


Айналмалы ауыстырып-қосқышты ішіне кіргізуге болады. Ойыққа кіргізу немесе шығару үшін айналмалы ауыстырып-қосқышты басыңыз.

Құралдар

Айналмалы поднос

Айналмалы подносты келесідей орнату керек:

1. Роликтік сақинаны **a** жұмыс камерасындағы қуысқа орнатыңыз.
2. Айналмалы подносты **b** жетекте **c** құрылғы түбінің ортасында бекітіңіз.



Нұсқау: Тек айналмалы поднос бекітілген құрылғыны қолданыңыз. Оның дұрыс бекітілуіне назар аударыңыз. Айналмалы поднос солға және оңға айнала алады.

Арнайы құралдар

Арнайы құралдарды сервистік қызметте немесе арнайы дүкенде сатып алуға болады. HEZ нөмірін көрсетіңіз. Біздің анықтамаларда немесе интернетте үлкен ассортиментті табасыз. Арнайы құралдардың қол жетімділігі және оларға желіде тапсырыс беру өзгеріп отырады және халықаралық деңгейде орындалады. Біздің жарнамалық материалдарды қараңыз.

Тамақты буда әзірлеуге арналған ыдыс




HEZ 86 D 000

Бірінші рет пайдалану алдында

Мұнда бірінші рет әзірлеу алдында не істеу керек екенін білесіз. Алдымен Қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулар тарауын оқыңыз.


Сағатты орнату

Құрылғы қосұлы кезде немесе қуат өшірілген болса, дисплейде үш нөл жанады.


1.  пернесін басыңыз.
Көрсеткіште 12:00 h пайда болып  пернесінің жоғарысындағы көрсеткіш шамы жанады.
2. Айналмалы қосқышпен уақытты орнатыңыз.
3.  пернесін қайтадан басыңыз.

Ағымдағы уақыт орнатылды.

Сағатты жасыру

 түймесін басыңыз да, «Тоқтату» түймесін басыңыз. Дисплей өшеді.

Сағатты қайтадан орнату

 түймесін басыңыз. Дисплейде 12:00 уақыты пайда болады. Содан кейін 2 және 3 тармақтарында сипатталғандай уақытты орнатыңыз.

Уақытты өзгерту, мысалы, жазғы уақытты қысқы уақытқа

1 - 3 тармақтарында сипатталғандай орнатыңыз.

Микро толқынды пеш

Микро толқындар өнімдерге жылуға түрлендіріледі. Ыдыс туралы ақпаратты аласыз және микро толқынды пешті реттеу жолы туралы оқи аласыз.

Нұсқау: тарауында біздің асханада сыналған, микро толқынды пештің көмегімен еріту, қыздыру және дайын күйге жеткізу мысалдарын табасыз.

Микротолқынды пешті тағы бір рет пайдаланып көріңіз. Мысалы, шай үшін бір шынаяқ су жылытыңыз.

Алтын не күміспен безендірілмеген үлкен шынаяқты шай қасығынсыз алыңыз. Сүмен толтырылған шынаяқты айналмалы тақтаға қойыңыз.

1. 800 Вт түймесін басыңыз.
2. Айналмалы қосқышпен 1:30 мин. орнатыңыз.
3. Іске қосу түймесін басыңыз.

1 минут 30 секундтан кейін сигнал беріледі. Су ыстық болды.

Шай ішкен кезде нұсқаулықтың басында берілген қауіпсіздік нұсқауларын тағы бір рет оқып шығыңыз. Олар өте маңызды.

Ыдыс туралы нұсқаулар

Қолайлы ыдыс

Қолайлы ыдыс болып шыны керамикадан, фарфордан, керамикадан және ыстыққа төзімді пластиктен жасалған ыдыс табылады. Бұл материалдар микро толқындарды өткізеді.

Әзірлеу ыдыстарын пайдалануға болады. Осылайша толып кетуді болдырмауға болады. Алтын немесе күміс безендіруі бар ыдысты тек өндіруші оның микро толқынды пешке жарайтынына көпілдік берсе ғана пайдаланыңыз.

Жарамайтын ыдыс

Металл ыдыстар жарамайды. Металл микро толқындарды өткізбейді. Металл ыдыстарда тамақ салқын болып қалады.

Назар аударыңыз!

Ұшқындар: металл - мысалы, стакандағы қасық — пештің қабырғаларынан 2 см аз емес қашықтықта болуы керек және есіктің ішкі жағынан ары орналасуы керек. Ұшқындар есіктің ішкі бөлігін зақымдауы мүмкін.

Ыдысты сынау

Ешқашан микро толқынды пешті ыдыссыз қоспаңыз. Жалғыз ерекшелік болып келесі сынау табылады.

Ыдысыңыз микро толқынды пешке арналғанына сенімді болмасаңыз, мына сынақты орындаңыз:

1. Құрылғыға бос ыдысты ½ - 1 минутқа ең көп қуатқа қойыңыз.
2. Кезеңді түрде температураны тексеріп тұрыңыз.

Ыдыс суық немесе жылы болуы керек.

Егер ол ыстық болып кетсе немесе ұшқындар пайда болса, ол микро толқынды пешке арналмаған.

Микро толқындардың қуаты

Түймелердің көмегімен қажет қуатты орнатыңыз.


90 Вт	Қыздыруға сезімтал тамақтарды еріту үшін
180 Вт	Тамақтарды еріту және дайын күйге жеткізу үшін
360 Вт	Етті әзірлеу және қыздыруға сезімтал тамақтарды жылыту үшін
600 Вт	Тамақтарды жылыту және дайын күйге жеткізу үшін
800 Вт	Сұйықтықтарды қыздыру үшін

Нұсқау: 800 Вт қуатын 30 минутқа, 600 Вт қуатын 1 сағатқа орнатуға болады, басқа қуаттарда әзірлеу уақыты 1 сағаттан 39 минутқа дейін болуы мүмкін.

Микро толқындарды реттеу

Мысалы, микро толқындардың қуаты 600 Ватт, 5 минут

1. Микро толқынды пештің қажет қуатын таңдаңыз.
Түйменің үстінде индикатор шамы жанады.
2. Айналмалы ауыстырып-қосқыш көмегімен уақытты орнатыңыз.



3. «Бастау» түймесін басыңыз.
Дисплейде уақыттың өтіп жатқаны көрінеді.

Уақыт өтіп кетті

Дыбыстық сигнал шығады. Құрылғының есігін ашыңыз немесе «Тоқтату» түймесін басыңыз. Уақыт қайтадан пайда болады.

Уақытты өзгерту

Мұны кез келген уақытта істеуге болады. Айналмалы ауыстырып-қосқыш көмегімен уақытты өзгертіңіз.

Тоқтату

Тоқтату пернесін бір рет басыңыз не аспап есігін ашыңыз. Жұмыс тоқтатылады. Бастау жоғарысында көрсетіш жыпылықтайды. Есікті жапқаннан кейін бастау пернесін басыңыз.

Әрекетті болдырмау

«Тоқтату» түймесін 2 рет басыңыз немесе есікті ашып, «Тоқтату» түймесін бір рет басыңыз.

Нұсқау: Алдымен уақыт кезеңін, содан кейін микро толқындардың қуатын орнатуға болады.

Жад

Жад құрылғысының көмегімен белгілі бір тамақтың реттеуін сақтауға және оны кез келген уақытта сұрауға болады.

Өте жиі әзірлейтін тамақты жадқа енгізген жөн.

Жадта сақтау

Мысал: 360 Вт, 25 минут


1. **M** түймесін басыңыз.

Түйменің үстінде индикатор шамы жанады.

2. Микро толқынды пештің қажет қуатын таңдаңыз.

Түйменің үстінде индикатор шамы жанады және дисплейде 1:00 мин уақыты пайда болады.

3. Айналымды ауыстырып-қосқыш көмегімен уақытты орнатыңыз.



4. **M** түймесінің көмегімен растаңыз.

Уақыт қайтадан пайда болады. Реттеу сақталады.

Нұсқаулар

- Жадта сақтауға және бірден бастауға болады. Соңында **M** түймесін баспаңыз, «Бастау» түймесін басыңыз.

Салқындату желдеткіші

Құрылғы салқындату желдеткішімен жабдықталған. Желдеткіш тіпті құрылғы қосулы болса да жұмыс істеуін жалғастыра алады.

Нұсқаулар

- Микро толқындар жұмыс істегенде камера салқын болып қалады. Бұған қарамастан салқындату желдеткіші қосылады. Желдеткіш тіпті құрылғы өшіріліп қойылған болса да жұмыс істей бере алады.
- Есіктің терезесінде, ішкі қабырғаларда және түпте конденсат пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты, микро толқынды пеш дұрыс жұмыс істеп тұр. Тамақты әзірлеуден кейін конденсатты сүртіңіз.

- Қатарынан бірнеше микро толқын қуатын сақтау мүмкін емес.

- Автоматты бағдарламаны сақтау мүмкін емес.

Жадты қайта реттеу

1. **M** түймесін басыңыз.

Бұрынғы реттеулер пайда болады.

2. Жаңа бағдарламаны 1 - 4 тармақтарында сипатталғандай сақтаңыз.

Жад құрылғысын қосу

Сақталған бағдарламаны оңай қосуға болады. Тамақты құрылғыға салыңыз. Құрылғы есігін жабыңыз.

1. **M** түймесін басыңыз.

Сақталған реттеулер пайда болады.

2. «Бастау» түймесін басыңыз.

Дисплейде уақыттың өтіп жатқаны көрінеді.

Уақыт өтіп кетті

Дыбыстық сигнал шығады. Құрылғының есігін ашыңыз немесе «Тоқтату» түймесін басыңыз. Уақыт қайтадан пайда болады.

Тоқтату

Тоқтату пернесін бір рет басыңыз не аспап есігін ашыңыз. Жұмыс тоқтатылады. Бастау жоғарысында көрсетіш жыпылықтайды. Есікті жапқаннан кейін бастау пернесін басыңыз.

Ысыру

«Тоқтату» түймесін 2 рет басыңыз немесе есікті ашып, «Тоқтату» түймесін бір рет басыңыз.

Дыбыстық сигнал ұзақтығын өзгерту

Құрылғыны өшіргенде дыбыстық сигналды естисіз. Дыбыстық сигнал ұзақтығын өзгертуге болады.

Бұл үшін «Бастау» түймесін 6 секунд бойы басып тұрыңыз.

Сигналдың жаңа ұзақтығы қабылданады.

Уақыт қайтадан пайда болады.

Мыналар мүмкін:

Сигналдың қысқа ұзақтығы - 3 дыбыс

Сигналдың ұзын ұзақтығы - 30 дыбыс.

Күту және тазалау

Дұрыс күтілсе және тазаланса, микро толқынды пеш әдемі және зақымдалмаған болып қалады. Мұнда құрылғыны дұрыс сақтау және тазалау туралы айтылады.

⚠ Қысқа тұйықталу қаупі бар!

Ешқашан бумен тазалағыштармен және жоғары қысыммен тазалағыштармен тазаламаңыз.

⚠ Күйік алу қаупі бар!

Ешқашан құрылғыны өшіруден кейін бірден тазаламаңыз. Құрылғының салқындауына мүмкіндік беріңіз.

⚠ Ток соғу қаупі бар!

Ешқашан құрылғыны суға салмаңыз және су ағынының астында тазаламаңыз.

Әр түрлі беттерді дұрыс емес тазалағыш заттармен зақымдамау үшін кестедегі ақпаратпен танысыңыз.

Мыналарды пайдаланбаңыз

- агрессивті немесе абразивті тазалағыш заттар. Бет зақымдалуы мүмкін. Мұндай зат алдыңғы панельге тигенде, оны сумен бірден сүртіңіз.
- есіктегі шыныны тазалау үшін металл немесе шыныға арналған қырғышты.
- тығыздағышты тазалау үшін металл немесе шыныға арналған қырғышты.
- жұмсақ емес жөкелерді және губкаларды. Пайдаланбай тұрып жаңа губкаларды мұқият жуыңыз.
- қойылтылған құрамында спирт бар тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз.

Жуғыш заттар

Назар аударыңыз!

Тазалау алдында сақтандырғышты немесе сақтандырғыштар блогын өшіріңіз. Құрылғының жұмыс камерасының сыртын және ішін ылғалды шүберекпен және жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз. Таза шүберекпен құрғақ етіп сүртіңіз.

Аймақ	Жуғыш заттар
Құрылғының алдыңғы панелі	Ыстық сабынды су: Ыдыс жуу шүберегімен тазалаңыз және жұмсақ шүберекпен құрғақ етіп сүртіңіз. Тазалау үшін шыныға арналған жуғыш заттарды, металл мен шыныға арналған қырғыштарды пайдаланбаңыз.

Аймақ	Жуғыш заттар
Жұмыс камерасын дағы қуыс	Ылғалды шүберек: Айналмалы подностың жетегі арқылы құрылғы ішіне су кірмеуі керек.
Айналмалы поднос және роликті сақина	Ыстық сабынды су: Айналмалы подносты орнатқанда дұрыс бекіту керек.
Есік панельдері	Шыныға арналған тазалағыш зат: Ыдыс шүберегімен тазалаңыз. Шыныға арналған қырғышты пайдаланбаңыз.
Тығыздағыш	Ыстық сабынды су: Ыдыс шүберегімен тазалаңыз, ысқыламаңыз. Тазалау үшін металл мен шыныға арналған қырғыштарды пайдаланбаңыз.
Құрылғының алдыңғы панелі тот баспайтын болаттан жасалған	Ыстық сабынды су: Ыдыс жуу шүберегімен тазалаңыз және жұмсақ шүберекпен құрғақ етіп сүртіңіз. Әк, жануар майы, крахмал және ақуыз дақтарын бірден кетіріңіз. Мұндай дақтар астында коррозия пайда болуы мүмкін. Арнайы жуғыш заттарды сервистік қызметте немесе арнайы дүкенде сатып алуға болады. Тазалау үшін шыныға арналған жуғыш заттарды, металл мен шыныға арналған қырғыштарды пайдаланбаңыз.
Жұмыс камерасы тот баспайтын болаттан жасалған	Ыстық сабынды су немесе сірке қосылған су: Ыдыс жуу шүберегімен тазалаңыз және жұмсақ шүберекпен құрғақ етіп сүртіңіз. Қатты ласталғанда: пештерге арналған жуғыш заттарды тек жұмыс камерасы салқын кезде пайдаланыңыз. Тот баспайтын болаттан жасалған қырғыштарды пайдаланған жөн. Тазалау үшін спрейлерді және пештерге арналған басқа агрессивті және абразивті тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Сондай-ақ, кәстрөлдерге арналған губкалар мен тазалағыш заттар жарамайды. Бұл заттар бетке сызат түсіреді. Ішкі бетті мұқият құрғатыңыз.

Ақаулықтар кестесі

Жиі ақаулық болмашы нәрсеге бола пайда болады. Сервистік қызметке хабарласпай тұрып, кестені қолданып, ақаулықты өз бетіңізше жойып көріңіз.

Тамақты оңтайлы әзірлеу мүмкін болмаса, Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік тарауын қараңыз. Онда тамақты әзірлеу туралы көп кеңестер мен нұсқаулар табасыз.

⚠ Ток соғу қаупі бар!

Білікті емес маманның жөндеуі қауіпті. Жөндеуді тек біздің клиенттерге қызмет көрсететін тәжірибелі техниктердің біреуі ғана орындай алады.

Кейбір қателік хабарларында өзіңіз шешуіңіз мүмкін.

Ақау, не істеу керек?


Қателік хабары	Мүмкін себеп	Көмек / нұсқау
Аспап жұмыс істемейді	Штепсель айыры қосылмаған.	Штепсель айырын қосу
	Электр қуаты жоқ	Асхана шырағы істеуін тексеріңіз.
	Сақтандырғыш зақымдалған	Сақтандырғыш шкафында аспаптың сақтандырғышы дұрыс болуын тексеріңіз.
	Қате реттеу	Сақтандырғышты сақтандырғыш шкафында өшіріңіз. Шам. 10 секундтан соң қайта қосыңыз.
Көрсеткіште үш нөл саны көрсетіледі.	Электр қуаты жоқ	Уақытын қайта орнатыңыз.
Аспап іске қосылмаған. Көрсеткіш бетінде ұзақтығы шығады.	Айналымы реттегіш кездейсоқ іске қосылды.	"Тоқтату" пернесін басыңыз.
	Реттеуден соң "бастау" пернесі басылмады.	"Бастау" пернесін басыңыз немесе реттелген параметрлерді "тоқтату" пернесімен жойыңыз.
Шағын толқынды пеш істемей жатыр.	Есігі толық жабылған жоқ.	Есікке тамақ қалдығы немесе бөтен заттар қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
	"Бастау" пернесі басылмады.	"Бастау" пернесін басыңыз.
Тағам бұрынғыға қарағанда, ұзағырақ қызады	Тым кіші шағын толқын қуаты реттелген.	Жоғарырақ шағын толқын қуатын таңдаңыз.
	Басқаға қарағанда, аспапқа көбірек көлем салынды.	Екі есе көлем - екі есе уақыт.
	Тағамдар, қалғандарына қарағанда, салқынырақ болады.	Тағамды араластырып, аударып тұру керек.
Айналатын төрелке ысқылау немесе ажарлау дыбысын шығарып жатыр.	Айналатын төрелке аймағында лас немесе бөгде денелер.	Дөңгелектік сақина мен құысты пісіру каме расында тазалаңыз.
Шағын толқынды пеш жұмысы себепсіз үзілді.	Шағын толқынды пеште ақаулық бар.	Қателік қайта пайда болса сервис қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Көрсеткіш бетінде "М" деп шығады.	Аспап демо режимінде.	"Бастау" мен "тоқтату" пернелерін шам. 7 секунд бойы басып тұрыңыз. Демо режимі өшірілген.

Сервистік қызмет

Егер құрылғыны жөндеу керек болса, біздің сервистік қызмет сіз үшін жасалған. Біз техниктердің қажет емес келулерін болдырмау үшін әрқашан жарайтын шешімді табамыз.

Өнім нөмірі және зауыттық нөмір

Сервистік қызметке қоңырау шалғанда, біз сізге сапалы қызмет көрсете алуымыз үшін өнім нөмірін (E-Nr.) және зауыттық нөмірді (FD-Nr.) хабарлаңыз. Нөмірлер бар үлгілік тақтайшаны жұмыс камерасының есігін ашсаңыз оң жақта таба аласыз. Көп іздеу қажет болмауы үшін мұнда құрылғының деректерін және сервистік қызметтің телефон нөмірін жазуға болады.

Өнім нөмірі	Зауыттық нөмір
Сервистік қызмет 	

Құрылғыны дұрыс емес пайдалану жағдайында тіпті кепілдік мерзімінде де сервистік қызмет техникінің келуі тегін емес екеніне назар аударыңыз.

Барлық елдер бойынша контакт мәліметтері сервистік қызмет қосымшасында берілген.

Бұйымды өндірушіге сеніп сервис қызмет көрсету орталығына қайрылыңыз. Сервис қызмет көрсету орталығы ғана құралыңыз үшін керекті мамандарды және түпнұсқаулық бөлшектерді таба алады.

Техникалық деректер

Кіріс кернеу	220-230, 50 HZ
Тұтынылатын қуат	1270 W
Максималды шығыс кернеу	800 W

Микротолқындар жиілігі	2450 МГц
Қорғаныс	10
Өлшемдер (БхКхҰ)	
- Құрылғы	382 x 594 x 319 MM
- Пеш ошағы	221 x 308 x 298 MM
VDE растаған	Иә
ЕО-белгісі	Иә

Экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялау

Ораманы экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялаңыз.



Бұл құрылғыда 2012/19/ЕО электр және электрондық жабдықты (қоқыс электр және электрондық жабдық - WEEE) утилизациялау туралы еуропалық директиваға сай белгісі бар.

Бұл директива Еуропалық Одақ шеңберінде ескі құрылғыларды қайтару және утилизациялау тәртібін қамтамасыз етеді.

Автоматты бағдарлама

Автоматты бағдарламаның көмегімен өнімдерді өте оңай ерітуге және тамақтарды тез және мәселелерсіз әзірлеуге болады. Бағдарламаны таңдап, тамақтың салмағын енгізу керек. Автоматты бағдарлама оңтайлы реттеуді қабылдайды. 7 бағдарламаның біреуін таңдауға болады.

Бағдарламаны орнату



Таңдасаңыз, бағдарламаны келесідей орнатыңыз:

1. **P** түймесін қажет бағдарлама нөмірі пайда болғанша басыңыз.

Түйменің үстінде индикатор шамы жанады.



2. **kg** түймесін басыңыз.

Түйменің үстінде индикатор шамы жанады және ұсынылатын салмақ пайда болады.



3. Айналмалы ауыстырып-қосқыш көмегімен тамақтың салмағын орнатыңыз.

4. «Бастау» түймесін басыңыз.



Дисплейде уақыттың өтіп жатқаны көрінеді.

Уақыт өтіп кетті

Дыбыстық сигнал шығады. Құрылғының есігін ашыңыз немесе «Тоқтату» түймесін басыңыз. Уақыт қайтадан пайда болады.

Түзету

«Тоқтату» түймесін екі рет басып, реттеуді қайта орнатыңыз.

Тоқтату

Тоқтату пернесін бір рет басыңыз не аспап есігін ашыңыз. Жұмыс тоқтатылады. Бастау жоғарысында көрсетіш жыпылықтайды. Есікті жапқаннан кейін бастау пернесін басыңыз.

Ысыру

«Тоқтату» түймесін 2 рет басыңыз немесе есікті ашып, «Тоқтату» түймесін бір рет басыңыз.

Нұсқаулар

- Кейбір бағдарламаларда белгілі бір уақыт өткеннен кейін дыбыстық сигнал шығады. Құрылғының есігін ашыңыз және өнімдерді араластырыңыз, қажет болса, етті немесе құс етін аударыңыз. Есікті жапқаннан кейін «Бастау» түймесін қайта басыңыз.
- Бағдарлама нөмірін және салмақты **P** қажет болса **kg** сұрауға болады. Сұралған мән дисплейде 3 секундқа пайда болады.

Автоматты бағдарлама көмегімен еріту

4 еріту бағдарламасының көмегімен етті, балықты, құс етін және нанды ерітуге болады.

Нұсқаулар

■ Өнімдерді дайындау

Мүмкіндігінше жалпақ, порцияларға бөлінген, қатырылған және -18 °C температурада сақталған өнімдерді пайдаланыңыз.

Ерітетін өнімдерді тек орамадан алыңыз және салмағын өлшеңіз. Салмақ бағдарламаны орнату үшін қажет.

- Етті және құс етін еріту кезінде сұйықтық пайда болады. Аударғанда оны алу керек және одан әрі пайдаланбау керек немесе басқа өнімдерге тиюіне жол бермеу керек.

■ Ыдыс

Өнімдерді микро толқынды пешке арналған жалпақ ыдысқа салыңыз, мысалы, шыны немесе фарфор ыдысқа.

■ Тыныштық уақыты

Температураны туралау үшін ерітілген өнімдер тағы 10 - 30 жатуы керек. Еттің үлкен бөліктері үшін кішкентайларынан көбірек тыныштық кезеңі керек. Тыныштық кезеңінің алдында жалпақ бөліктерді және кесілген етті бір бірінен бөлу керек.

Бұдан кейін еттің қалың бөліктері соңына дейін ерітілмеген болуы мүмкін болса да, өнімдерді одан әрі әзірлеуге болады. Бұл кезде құс етінен ішек-қарынды шығаруға болады.

■ Дыбыстық сигнал

Кейбір бағдарламаларда белгілі бір уақыт өткеннен кейін дыбыстық сигнал шығады. Құрылғы есігін ашыңыз және өнімдерді бөліңіз, қажет болса, етті немесе құс етін аударыңыз. Есікті жапқаннан кейін «Бастау» түймесін басыңыз.

Бағдарлама нөмірі	Еріту	Кг түріндегі салмақ ауқымы
P 01	Фарш	0,20 - 1,00
P 02	Ет бөліктері	0,20 - 1,00
P 03	Тауық, тауық бөліктері	0,40 - 1,80
P 04	Нан	0,20 - 1,00

Автоматты бағдарлама көмегімен дайын күйге жеткізу

3 бағдарламаның көмегімен күрішті, картопты немесе көкөністерді дайын күйге жеткізуге болады.

Нұсқаулар

■ Ыдыс

Өнімдерді қақпағы бар микро толқынды пешке арналған ыдыста дайын күйге жеткізіңіз. Күріш үшін үлкен, биік қалыпты пайдалану керек.

■ Өнімдерді дайындау

Өнімдердің салмағын өлшеңіз. Бағдарламаны орнату үшін мына деректер қажет.

Күріш:

Күрішті дайындау үшін әзірлеу пакетін пайдаланбаңыз.

Орамадағы өндіруші деректеріне абиланысты қажет су мөлшерін қосыңыз. Әдетте ол күріштен екі-үш есе көп болады.

Картоп:

Картопты қайнату үшін жаңа картопты майда, біркелкі бөліктерге кесіңіз. 100 г картопқа бір ас қасық су және аздап тұз қосыңыз.

Балғын көкөністер:

Балғын, тазаланған көкөністердің салмағын өлшеңіз.

Көкөністерді майда, біркелкі бөліктерге кесіңіз. 100 г-ға бір ас қасық су және аздап тұз қосыңыз.

■ Дыбыстық сигнал

Біраз уақыттан кейін, бағдарлама біткенде дыбыстық сигнал шығады. Өнімдерді араластырыңыз.

■ Тыныштық уақыты

Бағдарлама аяқталса, өнімдерді тағы бір рет араластырыңыз. Температура төмендеуі үшін өнімдерді тағы 5 - 10 минут тұрғызыңыз.

Әзірлеу нәтижелері өнімдердің сапасына және консистенциясына байланысты.

Бағдарлама нөмірі	Кг түріндегі салмақ ауқымы	
	Дайын күйге жеткізу	
P 05	Күріш	0,05 - 0,2
P 06	Картоп	0,15 - 1,0
P 07	Көкөністер	0,15 - 1,0

Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік

Мұнда тамақтардың көп түрін және олар үшін оңтайлы реттеулерді табасыз. Біз микро толқындардың қандай қуаты тамағыңыз үшін ең қолайлы болатынын көрсетеміз. Сіз ыдыс және тамақты әзірлеу туралы кеңестер аласыз.

Кестелер туралы нұсқаулар

Келесі кестелерде микро толқынды пештің көп мүмкіндіктерін және реттеулерін табасыз.

Кестелерде көрсетілген уақыт туралы деректер стандартты мөндер болып табылады. Олар тамаққа, өнімдердің сапасына, температурасына және консистенциясына байланысты.

Кестелерде жиі уақыт ауқымдары беріледі. Қысқарақ уақытты орнатудан бастаңыз және қажет болса арттырыңыз.

Сіздегі мөлшер кестелерде көрсетілгеннен басқа болуы мүмкін. Бұл үшін бір оңай ереже бар:

Екі есе көп мөлшер - екі есе көп уақыт
Мөлшердің жартысы - уақыттың жартысы.

Ыдысты әрқашан айналмалы подноскқа қойыңыз.

Еріту

Нұсқаулар

- Қатырылған өнімдерді ашық ыдысқа салып, айналмалы подноскқа қойыңыз.
- Сезімтал бөліктер, мысалы, тауықтың аяқтары және қанаттары немесе майлы жиектегі бөліктерді фольганың шағын бөліктерімен жабуға болады. Фольга пештің қабырғаларына тимеуі керек. Еріту уақытының жартысы өткенде фольганы алуға болады.
- Етті және құс етін еріту кезінде сұйықтық пайда болады. Аударғанда оны алу керек және одан әрі пайдаланбау керек немесе басқа өнімдерге тиюіне жол бермеу керек.
- Тамақты ара арасында 1 - 2 рет араластыру немесе аудару керек. Үлкен бөліктерді бірнеше рет аудару керек.
- Ерітілген өнімдерді бөлме температурасына жетуі үшін тағы 10 - 20 минутқа қалдырыңыз. Бұдан кейін құстың ішек-қарнын шығаруға болады. Сондай-ақ, еріп болмаған етті одан әрі өңдеуге болады.

Еріту	Салмақ	Микро толқынды пештің ватт түріндегі қуаты, минуттар түріндегі уақыт	Нұсқаулар
Ет, негізінен сиыр еті, бұзау еті немесе шошқа еті (сүйектермен немесе оларсыз)	800 г	180 Вт, 15 мин. + 90 Вт, 10-20 мин.	-
	1 кг	180 Вт, 20 мин. + 90 Вт, 15-25 мин.	
	1,5 кг	180 Вт, 30 мин. + 90 Вт, 20-30 мин.	
Сиыр етін, бұзау етін немесе шошқа етін бөліктерге кесіңіз	200 г	180 Вт, 2 мин. + 90 Вт, 4-6 мин.	Аударғанда еріген бөліктерді бір бірінен ажыратыңыз
	500 г	180 Вт, 5 мин. + 90 Вт, 5-10 мин.	
	800 г	180 Вт, 8 мин. + 90 Вт, 10-15 мин.	
Аралас ет фаршы	200 г	90 Вт, 10 мин.	Мүмкіндігінше жалпақ күйде қатырыңыз Бірнеше рет аударыңыз, еріген етті алыңыз
	500 г	180 Вт, 5 мин. + 90 Вт, 10-15 мин.	
	800 г	180 Вт, 8 мин. + 90 Вт, 10-20 мин.	
Құс еті немесе құс етінің бөліктері	600 г	180 Вт, 8 мин. + 90 Вт, 10-15 мин.	-
	1,2 кг	180 Вт, 15 мин. + 90 Вт, 20-25 мин.	
Балық сүбесі, балық котлеттері немесе балық бөліктері	400 г	180 Вт, 5 мин. + 90 Вт, 10-15 мин.	Еріген бөліктерді бір бірінен ажыратыңыз
Көкөністер, мысалы, ноқат	300 г	180 Вт, 10-15 мин.	-
Жемістер, мысалы, таңқурай	300 г	180 Вт, 7-10 мин.	Ара-арасында жайлап араластырыңыз, еріген жемістерді бір бірінен ажыратыңыз
	500 г	180 Вт, 8 мин. + 90 Вт, 5-10 мин.	
Майды еріту	125 г	180 Вт, 1 мин. + 90 Вт, 2-3 мин.	Ораманы толығымен алыңыз
	250 г	180 Вт, 1 мин. + 90 Вт, 3-4 мин.	
Бүтін нан	500 г	180 Вт, 6 мин. + 90 Вт, 5-10 мин.	-
	1 кг	180 Вт, 12 мин. + 90 Вт, 10-20 мин.	
Құрғақ бөліштер, мысалы, бисквит	500 г	90 Вт, 10-15 мин.	глазурі, қаймағы, кремі жоқ бөліштерде бөліш бөліктерін бір бірінен ажыратыңыз
	750 г	180 Вт, 5 мин. + 90 Вт, 10-15 мин.	
Шырынды бөліштер, мысалы, жеміс және сүзбе бөліштері	500 г	180 Вт, 5 мин. + 90 Вт, 15-20 мин.	Тек глазурь, қаймақ және желатин жоқ бөліштер үшін
	750 г	180 Вт, 7 мин. + 90 Вт, 15-20 мин.	

Терең қатырылған тамақтарды еріту, қыздыру немесе дайын күйге келтіру

Нұсқаулар

- Орамадан дайын тамақтарды алыңыз. Микро толқынды пешке арналған ыдыста олар тез және біркелкі қызады. Тамақтың әр түрлі құрамадстары әр түрлі жылдамдықпен қызуы мүмкін.
- Жалпақ тамақтар биік тамақтардан тезірек әзірленеді. Тамақты ыдыста мүмкіндігінше жалпақ болатындай бөліңіз. Өнімдерді бір бірінің үстіне қоймаған жөн.


- Әрқашан тамақты жабыңыз. Егер ыдыс үшін қолайлы қақпақ болмаса, төрелкені немесе микро толқынды пешке арналған арнайы фольганы алыңыз.
- Тамақты 2 - 3 рет араластыру немесе аудару керек.
- Температурасы төмендеуі үшін қыздырудан кейін тамақтар 2 - 5 минут тұруы керек.
- Ыдысты шығарғанда әрқашан қолғапты немесе ұстағышты қолданыңыз.
- Тамақтың өз дәмі көбінесе сақталады. Сондықтан тұз бен дәмдеуіштерді азырақ қосуға болады.

Терең қатырылған тамақтарды еріту, қыздыру немесе дайын күйге келтіру	Салмақ	Микро толқынды пештің ватт түріндегі қуаты, минуттар түріндегі уақыт	Нұсқаулар
Мәзір, тамақ, дайын тамақ (2-3 құрамдас)	300-400 г	600 Вт, 8-11 мин.	-
Сорпа	400 г	600 Вт, 8-10 мин.	-
Қою сорпалар	500 г	600 Вт, 10-13 мин.	-
Соустағы ет бөліктері, мысалы, гуляш	500 г	600 Вт, 12-17 мин.	Араластырғанда ет бөліктерін бір бірінен ажыратыңыз
Балық, мысалы, филе	400 г	600 Вт, 10-15 мин.	су, лимон шырынын немесе шарапты қосуға болады
Көмештер, мысалы, лазанья, каннеллони	450 г	600 Вт, 10 - 15 мин.	-
Гарнирлер, мысалы, күріш, макарон	250 г	600 Вт, 2-5 мин.	біраз су қосыңыз
	500 г	600 Вт, 8-10 мин.	
Көкөністер, мысалы, ноқат, брокколи, сәбіз	300 г	600 Вт, 8-10 мин.	Ыдысқа түбін жабатындай ыдыс қосуға болады
	600 г	600 Вт, 14-17 мин.	
Шпинаттан жасалған езбе	450 г	600 Вт, 11-16 мин.	Су қоспай дайын күйге жеткізу

Тамақты қыздыру

⚠ Күйік алу қаупі бар!

Сұйықтықтарды қыздыру қайнауға әкелуі мүмкін. Яғни, қыздыру температурасы әдеттегі көпіршіктердің көбеюінсіз және бусыз қол жетеді. Тіпті ыдыс вибрациясы төмен болса да, ыстық сұйықтық кенет қайнап, шашырауы мүмкін. Сұйықтықтарды қыздырғанда әрқашан ыдысқа қасықты салыңыз. Осылай қайнауды болдырмайсыз.



Назар аударыңыз!

Металл - мысалы, стакандағы қасық — пештің қабырғаларынан 2 см аз емес қашықтықта болуы керек және есіктің ішкі жағынан ары орналасуы керек. Ұшқындар есіктің ішкі бөлігін зақымдауы мүмкін.

Нұсқаулар

- Орамадан дайын тамақтарды алыңыз. Микро толқынды пешке арналған ыдыста олар тез және біркелкі қызады. Тамақтың әр түрлі құрамадстары әр түрлі жылдамдықпен қызуы мүмкін.
- Әрқашан тамақты жабыңыз. Егер қолайлы қақпақ болмаса, төрелкені немесе микро толқынды пешке арналған арнайы фольганы алыңыз.
- Тамақты бірнеше рет араластыру немесе аудару керек. Құрылғының температурасын бақылаңыз.
- Температурасы төмендеуі үшін қыздырудан кейін тамақтар 2 - 5 минут тұруы керек.
- Ыдысты шығарғанда әрқашан қолғапты немесе кәстрөлдерге арналған ұстағышты қолданыңыз.

Тамақты қыздыру	Салмақ	Микро толқынды пештің ватт түріндегі қуаты, минуттар түріндегі уақыт	Нұсқаулар
Мәзір, тамақ, дайын тамақ (2-3 құрамдас)	350-500 г	600 Вт, 4-8 мин.	-
Сусындар	150 мл	800 Вт, 1-2 мин.	Стаканда қасық бар болса, алкогольдік ішімдіктерді тым қыздырып жібермеңіз; ара-арасында тексеріп тұрыңыз
	300 мл	800 Вт, 2-3 мин.	
	500 мл	800 Вт, 3-4 мин.	
Балалар тамағы, мысалы, бөтелкедегі сүт	50 мл	360 Вт, шамамен ½ мин.	Емізіксіз немесе қақпақсыз. Қыздырудан кейін әрқашан жақсылап шайқаңыз. Міндетті түрде температураны тексеріңіз!
	100 мл	360 Вт, шамамен 1 мин.	
	200 мл	360 Вт, 1½ мин.	
1 тостаған сорпа	200 г	600 Вт, 2-3 мин.	-
2 тостаған сорпа	400 г	600 Вт, 4-5 мин.	-
Соустағы ет	500 г	600 Вт, 8-11 мин.	Ет бөліктері
Paу	400 г	600 Вт, 6-8 мин.	-
	800 г	600 Вт, 8-11 мин.	-

Тамақты қыздыру	Салмақ	Микро толқынды пештің ватт түріндегі қуаты, минуттар түріндегі уақыт	Нұсқаулар
Көкөністер, 1 порция	150 г	600 Вт, 2-3 мин.	біраз су қосыңыз
Көкөністер, 2 порция	300 г	600 Вт, 3-5 мин.	

Тамақты дайын күйге жеткізу

Нұсқаулар

- Жалпақ тамақтар биік тамақтардан тезірек әзірленеді. Тамақты ыдыста мүмкіндігінше жалпақ болатындай бөліңіз. Өнімдерді бір бірінің үстіне қоймаған жөн.
- Тамақты жабық ыдыста дайын күйге жеткізіңіз. Егер ыдыс үшін қолайлы қақпақ болмаса, төрелкені немесе микро толқынды пешке арналған арнайы фольганы алыңыз.

- Тамақтың өз дәмі көбінесе сақталады. Сондықтан тұз бен дәмдеуіштерді азырақ қосуға болады.
- Температурасы төмендеуі үшін әзірлеуден кейін тамақтар 2 - 5 минут тұруы керек.
- Ыдысты шығарғанда әрқашан қолғапты немесе кәстрөлдерге арналған ұстағышты қолданыңыз.

Тамақты дайын күйге жеткізу	Салмақ	Микро толқынды пештің ватт түріндегі қуаты, минуттар түріндегі уақыт	Нұсқаулар
Ет рулеті	750 г	600 Вт, 20-25 мин.	ашық етіп әзірлеу керек
Ішек-қарынсыз бүтін, жаңа тауық	1,2 кг	600 Вт, 25-30 мин.	Уақыттың жартысы өткенде аударыңыз
Балғын көкөністер	250 г	600 Вт, 5-10 мин.	Көкөністерді бірдей бөліктерге кесіңіз; 100 г көкөністерге 1 - 2 ас қасық су қосыңыз; кейде араластырыңыз
	500 г	600 Вт, 10-15 мин.	
Картоп	250 г	600 Вт, 8-10 мин.	Картопты бірдей бөліктермен кесіңіз; 100 г-ға 1 - 2 ас қасық су қосыңыз; кейде араластырыңыз
	500 г	600 Вт, 11-14 мин.	
	750 г	600 Вт, 15-22 мин.	
Күріш	125 г	600 Вт, 5-7 мин. + 180 Вт, 12-15 мин.	екі есе көп су қосыңыз
	250 г	600 Вт, 6-8 мин. + 180 Вт, 15-18 мин.	
Десерттер, мысалы, пудинг (лездік)	500 мл	600 Вт, 6-8 мин.	Пудингті ара-арасында 2 - 3 рет араластырғышпен араластырыңыз
Жемістер, компот	500 г	600 Вт, 9-12 мин.	-

Микро толқынды пешті пайдалану туралы кеңестер

Әзірлейтін тамақ мөлшері үшін орнату деректерін таппасаңыз.	Келесі ережеге сай әзірлеу уақытын арттырыңыз немесе қысқартыңыз: Екі есе көп мөлшер - екі есе көп уақыт Мөлшердің жартысы = уақыттың жартысы
Тамақ тым құрғақ болып кетті.	Келесі ретте әзірлеу үшін азырақ уақытты орнатыңыз немесе төменірек микро толқындар қуатын таңдаңыз. Тамақты ашып, көбірек сұйықтық қосыңыз.
Уақыт өткеннен кейін тамақ әлі ерімеді, ыстық немесе дайын күйге жеткізілген.	Ұзағырақ уақытты орнатыңыз. Үлкен мөлшерлерге және биігірек тамақтарға көбірек уақыт қажет.
Әзірлеу уақыты өткенде, тамақтың жиектері қызып кетті, ал ортасы қызбады.	Оны араластырыңыз, келесі ретте төменірек қуатты және ұзағырақ уақытты таңдаңыз.
Ерітуден кейін құс еті немесе ет дайын болып көрінеді, бірақ сыртынан әлі ерімеген.	Келесі ретте микро толқындардың төменірек қуатын таңдаңыз. Еріген өнімдердің үлкен мөлшерін бірнеше рет аударыңыз.

Конденсат

Есіктің терезесінде, ішкі қабырғаларда және түпте конденсат пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Бұл жағдайда микро толқынды пеш дұрыс жұмыс істеп тұр. Тамақты әзірлеуден кейін конденсатты кетіріңіз.

Тамақтар EN 60705 стандартына сай тексерілген

Микро толқынды пештің сапасы мен функцияларын тәуелсіз сынау институттары осы тамақтардың көмегімен тексереді.

EN 60705, IEC 60705, DIN 44547 және EN 60350 (2009) стандарттарына сай

Микро толқынды пеш көмегімен дайын күйге жеткізу және еріту

Микро толқынды пеш көмегімен дайын күйге жеткізу

Тамақ	Микро толқынды пештің қуаты ватт түрінде, уақыты минуттар түрінде	Нұсқау
Жұмыртқа қосылған сүт, 565 г	180 Вт, 25-30 мин. + 90 Вт, 20-25 мин.	Айналатын подносқа өлшемі 20 x 17 см «Пирекс» қалыбын қойыңыз.
Бисквит	600 Вт, 8-10 мин.	Айналатын подносқа диаметрі 22 см «Пирекс» қалыбын қойыңыз.
Ет рулеті	600 Вт, 20-25 мин.	Айналатын подносқа «Пирекс» қалыбын қойыңыз.

Микро толқынды пеш көмегімен еріту

Тамақ	Микро толқынды пештің қуаты ватт түрінде, уақыты минуттар түрінде	Нұсқау
Ет	180 Вт, 5-7 мин. + 90 Вт, 10-15 мин.	Айналатын подносқа диаметрі 22 см «Пирекс» қалыбын қойыңыз.

Важные правила техники безопасности	15	Программы автоматического приготовления	23
Причины повреждений	17	Установка программы.....	23
Установка и подключение	17	Размораживание с помощью программ автоматического приготовления.....	23
Панель управления	18	Доведение до готовности с помощью программ автоматического приготовления	23
Поворотный переключатель.....	18	Протестировано для вас в нашей кухне-студии	24
Принадлежности	18	Указания к таблицам	24
Перед первым использованием	19	Размораживание	24
Установка времени суток	19	Размораживание, разогревание или доведение замороженных полуфабрикатов до готовности	25
Микроволны	19	Разогревание блюд	25
Указания по выбору посуды.....	19	Приготовление блюд	26
Мощность микроволн	19	Рекомендации по использованию микроволновой печи.....	26
Установка мощности микроволн	19	Контрольные блюда в соответствии с EN 60705	27
Охлаждающий вентилятор	20	Доведение до готовности и размораживание с помощью микроволн.....	27
Память	20		
Ввод в память.....	20		
Запуск программ из памяти.....	20		
Изменение продолжительности сигнала	20		
Уход и очистка	21		
Чистящие средства	21		
Таблица неисправностей	21		
Сервисная служба	22		
Номер E и номер FD.....	22		
Технические характеристики	22		
Правильная утилизация упаковки.....	22		

Более подробную информацию о продукции, принадлежностях, запасных частях и службе сервиса можно найти на официальном сайте www.bosch-home.com и на сайте интернет-магазина www.bosch-eshop.com

Важные правила техники безопасности

Внимательно прочитайте данное руководство. Оно поможет вам научиться правильно и безопасно пользоваться прибором. Сохраняйте руководство по эксплуатации и инструкцию по монтажу для дальнейшего использования или для передачи новому владельцу.

Данный прибор предназначен исключительно для встраивания. Соблюдайте специальные инструкции по монтажу.

Распакуйте и осмотрите прибор. Не подключайте прибор, если он был поврежден во время транспортировки.

Подключение прибора без штепсельной вилки должен производить только квалифицированный специалист. Повреждения из-за неправильного подключения приводят к снятию гарантийных обязательств.

Этот прибор предназначен только для домашнего использования. Используйте прибор только для приготовления блюд и напитков. Следите за прибором во время его работы. Используйте прибор только в закрытом помещении.

Дети до 8 лет, лица с ограниченными физическими, умственными и психическими возможностями, а также лица, не обладающие достаточными знаниями о приборе, могут использовать прибор только под присмотром лиц, ответственных за их безопасность, или после подробного инструктажа и осознания всех опасностей, связанных с эксплуатацией прибора.

Детям не разрешается играть с прибором. Очистка и обслуживание прибора не должны производиться детьми, это допустимо, только если они старше 8 лет и их контролируют взрослые.

Не допускайте детей младше 8 лет к прибору и его сетевому проводу.

Всегда правильно вставляйте принадлежности в рабочую камеру. См. описание принадлежностей в руководстве по эксплуатации.

Опасность возгорания!

- Сложенные в рабочей камере легковоспламеняющиеся предметы могут загореться. Не храните в рабочей камере легковоспламеняющиеся предметы. Не открывайте дверцу прибора, если внутри прибора образовался дым. Выключите

прибор, выньте вилку сетевого провода из розетки или отключите предохранитель в блоке предохранителей.

- Использование прибора не по назначению опасно и может привести к поломке. Не допускается сушка продуктов или одежды, нагревание домашней обуви, крупяных или зерновых подушечек, губок, влажных тряпок и тому подобного. Например, домашняя обувь, крупяные или зерновые подушечки при нагревании могут вспыхнуть. Используйте прибор только для приготовления блюд и напитков.
